

Вебинар тақырыбы: Қойды қолдан ұрықтандыру технологиясы



Председатель правления – ректор
НАО «ЗКАТУ им. Жангир хана»

Эксперт



Handwritten signature of A. M. Nametov

Наметов А.М.

Handwritten signature of M. P. Galimullina
Галимуллина М.Р.

12.10.2023

ЗКАТУ имени Жангир хана

МАҚСАТЫ- БҚО қой шаруашылығын дамыту, қойларды өсіру, асылдандыру жұмыстарын жүргізу және қойларды қолдан ұрықтандыру технологиясы туралы білімді тарату.

МІНДЕТТЕРІ: Батыс Қазақстан облысындағы қойларын өсіруімен айналысатын шаруа қожалықтарына селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу және қойларды қолдан ұрықтандыру технологиясы туралы ақпарат беру.

ФЕРМЕР ҮШІН ПРАКТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:

Қой шаруашылығын дамыту, қойларды өсіру, селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу және қойларды қолдан ұрықтандыру технологиясын игеру.

Қой шаруашылығынан алынатын өнімді көбейту және еңбек шығынын азайту бүгінгі таңда жекелендірілген мал шаруашылықтарын өркендету жолындағы аса маңызды мәселе. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін қой шаруашылығына біртіндеп енгізу жөнінде соңғы жылдары бастапқы қадам жасалды. Алайда қой шаруашылығында еңбекті ұйымдастыру, бағып-күту, өнім өндіру бойынша ертеден қалыптасып қалған ескі тәсілдері әлде де болса өзгермей келеді.

Қой шаруашылығын жаңа бағытта, күтіп-бағу технологиясын жақсарту мақсатының мәні, өнеркәсіптегідей өндірістің барлық кезегінде тасқынды технологиялық желіні енгізу. Оған малдың үлкен тобын ұстап-бағу, азықтандыру, суару, өз төлі есебінен мал басын көбейту, өсіру, алынатын өнімді молайту т.б. жатады. Өндірістік кешендер алаңдарын тиімді пайдалану, техниканы, жабдықтарды, жемшөпті ұтымды жұмсап, өндіріс пен еңбекті жақсы ұйымдастыру мақсатында малды қондылық күйіне, өнімділігіне және жынысы мен жасына қарай топтап бағу көзделуде. Әрбір технологиялық процесс нақты бір мақсатты көздейді және оған қолдан ұрықтандыру, төл алу, төлді баптап өсіру, қой суару, саулықтарды сұрыптау (бонитировка), қозы бөлу, бордақылау, жайлымда немесе қолда бағу сияқты технологиялық шаруашылығында саулық отардан өнім өндіру үшін жыл бойы бірінен бірі келетін өндірістік процестерді (схема) жоспарлау керек.

Қойды ұрықтандыру

Қой ұрықтандыруды сапалы әрі ұйымшылдықпен өткізу әрбір саулықтан алынатын төлді көбейтумен қатар, одан өндіретін өнімнің сапасын жақсарту болып табылады. Күйек алу науқанында, қойды қайсы бағытта реттеп күйекті жүргізген болса, қозы алу науқанында да сол бағытпен келеді.

Қой ұрықтандыру келесі үрдістерге бөлінеді;

1. Қойдан қолдан ұрықтандыратын пунктте істейтін жұмысшылардың міндеттері
2. Қолдан ұрықтандыратын пункттің құрылысы мен жабдықтары
3. Тұқымдық қошқарларды іріктеу мен жұптау
4. Қошқарларды азықтандыру, бағу және пайдалану
5. Саулықты қолдан ұрықтандыруға дайындау
6. Күйлеген саулықты іріктеу
7. Құралдар мен материалдарды дайындау
8. Ұрық алу үрдісі
9. Ұрық сапасын тексеру үрдісі
10. Ұрықты мөлшерлеу және ұрықтандыру техникасы
11. Жұмыс барысын қадағалау және есеп беру

Саулықтарды қолдан ұрықтандыруға әзірлеу

Саулықтардан алынатын төлдің саны мен сапасы негізінен оны қолдан ұрықтандыруға әзірлеумен қатар, оның күтіміне де байланысты.

Жыл бойы мал соңында жүрген шопандар әрбір саулықтың не кемістіктері барын байқап, көңіліне тоқып жүреді. Соның үшін қозыларды енесінен айырған кезде, отардағы саулықтарды түгелдей тексеруден өткізеді. Сонда созылмалы ауруы бар, кәрі, тісі жоқ, желінсаумен ауырған, сүті аз, қысыр қалған, алдағы уақытта өндіріске жарамайтын саулықтарды етке тапсыру үшін басқа отарға жинайды.

Отардағы малды толықтыру мақсатында, қозысынан ажыратылған бір отарға жинап, отар санын ұрғашы тоқтылармен толықтырды. Сөйтіп, қоздағыштығы мен қондылығы жағынан бірдей саулықтар отарын құрғаннан кейін, күйек алуға дейін табиғи жусанды жайлымдарға бағып семіртуді бастайды. Шопан мамандардың айтуы бойынша, жайылым шөптері қатқыл, құрғақ болса, онда қойлар күйсеу кезінде көп сілекей бөледі де, жайлымда қатты шөлдеп, нашар жайылады. Мұндай жағдайда отардағы қойларды суаруды қажет етеді. Суарылып шөлі қанған саулықтар өрісте көп жайылады. Кешке қоналғыға келген саулықтарға тұзды үстеп берудің үлкен маңызы бар. Балаусалы көк шөп жеген мал тұзды өте қажет етеді. Сондықтан қой түнемесінің қасында астауларға жалайтын тұз салынады.

Табиғаттың мән-жайын жақсы білетін шопандар жаз күндері қойды неғұрлым салқында жайып семірткенді жөн деп біледі. Соның үшін шопан қойды күн шықпай тұрып, шөп үстінде таңғы шық жатқанда яғни ыстық түскенше таңертенгі салқынмен жаю үшін ертеңгі сағат 4-5 кезінде өргізеді. Осындай мол тәжірибені көп қолданған шопандардың малы семіз, күйге келеді де, қой егіз табатыны осыдан.



Күйікке дайын аталық қошқарлары



Саулықтарды күйікке дайындау

Тұқымдық қошқарлардың күтімі

Қошқарларды күйек алу науқаны басталардан 1,5 ай бұрын шағылыстыруға даярлай бастайды. Даярлау кезінде жайылымның құнарлы шөбімен және 0,8-1 кг құрама жеммен азықтандырады. Тұқымдық қошқарлар шаруашылықтың негізгі аумағында (тау бөктерінде) болады, күннің ыстық кезінде отарды тынықтыру үшін арнайы әзірлеген қораларға қамайды. Даярлау мерзімі 50-55 күнге созылады.

Тұқымдық қошқарларды даярлау кезінде жасанды қынапқа дағдыландырып, оның ұрығының сапасы тексеріледі. Алғашқы кезде аптасына 2-3 рет, соңғы аптада күніне бір рет ұрық алады. Ұрығының сапасы нашар қошқарларды шағылыстыруға жібермейді. Күйек алу науқанының өн бойында қошқарлар заводтық қондылықта ұсталады. Бұл кезде олар тәулігіне кем дегенде 4-5 сағат серуенге шығарылады.

Шаруашылықта тұқымдық қошқарларды азықтандырудың қолданылып жүрген үлгі рационы мынадай: дәнді және бұршақ тұқымды шөптер пішені -1,5 - 2,0 кг; сәбіз немесе қызылша - 1,0-1,5 кг; құрама жем (дән жармасы, арпа, сұлы, тары, күнжара, кебек) - 1,2-1,5 кг; ас тұзы - 15-20 г.

Рационның биологиялық құндылығын арттыру үшін құрама жемге қаймағын алған сүт, майы алынған жас ірімшік, жұмыртқа қосылады. Әрбір 80-100 саулыққа бір қошқар белгіленеді.



Саулықтарды ұрықтандыруға дайындау



Саулықтарды жеммен азықтандыру

Күйіті келген саулықтарды іріктейтін қошқарларды даярлау

Саулықты қолдан ұрықтандыру кезінде қошқарға ерекше назар аударылады. Күйіті келген саулықтарды іріктеп алу олардың күйі мен қоңдылығына байланысты болады.

Еліміздің және шет ел ғалымдарының зерттеулері көрсеткендей,саулықтарды күйекті қошқарлармен бірге ұстап бағу тіпті күйіті баяу өтетін саулықтардың да жыныс органдарының қызметін жетілдіретінін көрсетеді.Күйекті қошқарларды шағылыстырардан 2-3 апта бұрын дайындау керек.Ол үшін қолдан ұрықтандыруға пайдаланылмайтын, бірінші класты 2-3 жасар күйлі қошқарлар іріктеліп алынады. Мұндай қошқарларды пайдалану олардың жоғары қабілеттілігін екі-үш жыл, тіпті одан да көп уақыт сақтауды қамтамасыз етеді. Күйекті қошқарларды саулық отарында шағылыстыру науканы басталардан 15-20 күн бұрын ұстау олардың жыныс функциясын жетілдіріп, саулықтардың жаппай күйіті келуін қамтамасыз етеді.




Саулықтардың ішінен күйлегенін іріктеп, таңдап алу үшін күйекті қошқарларға кеудесіне брезенттен жасалынған фартук кигізіледі де отар ішіне жіберіледі. Мұндай қошқар күйіті келген саулықты тауып оған артылады, оны аңдып жүрген тасымалдаушы адамдар, саулықтарды ұстап пункт жанындағы бөлімшеге жинайды. Екінші әдістің маңызы мынада: күйекті қошқарларды белгі салу үшін пайдаланған кезде оларға бояуы бар арнаулы белгі салғыш кигізіледі. Мұндай күйекті қошқар күйіті келген саулықты тауып оған артылады, осы кезде саулықтың бөксесінде бояғыш мастиканың ізі қалады.Белгі салу үшін шаруашылықтарда құрамы мынадай мастика қолданылады: шошқа майы - 40%; стеарин немесе парафин - 15%; кастор майы - 5%; бояу - 40%.Мастика әзірлеу технологиясы төмендегідей: май мен стеаринді (парафинді) 80-90 градусқа дейінгі температурада ерітіп, оған кастор майы мен жақсы ұнтақталған күйе немесе оңай жуылатын бояу қосылады. Мұның бәрі ыстық күйінде араластырылады да 20-30 градусқа дейін салқындатылып, нығыздалады. Белгі салғышқа 12-14 г мастика кетеді. Сонымен қатар, әдеттегі тәсіл бойынша, күйіті келген саулықтарды ұстап тасымалдауға адам күші қажет болса, екінші әдіс бойынша, бояғыштың ізі бойынша тар өткелден жіберіп айырып алуға болады.



Қойды қолдан ұрықтандыруға керекті құрал-жабдықтар.


Адам күші жұмсалатын жұмыстарды, қойды қолдан ұрықтандыру кезінде мейлінше жеңілдетуді талап етеді.

Ұрықтандыру пунктiнiң қасында мынандай жабдықтар болуы қажет: тар өткелi бар қоршаулар, көп орынды ұрықтандыру станогы, пункт жабдықтары және көшпелi, не болмаса, алмалы-салмалы қоршаулар.









Ұрықты қоюлығы бойынша бағалау: 1 - қою; 2 - орташа; 3 - сұйық; 4 - ұрықты 2-4 °С температурада сақтайтын термос.





Станокқа бекітілген аналық қой



Қошқардан ұрық алу.

- ❑ ҚОЖАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДА ҚОЙЛАРДЫ ЖӘНЕ АТАЛЫҚ ҚОШҚАРЛАРДЫ КҮЙІККЕ АЛДЫН-АЛА ДАЙЫНДАУ КЕРЕК.
- ❑ ҚОЖАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДА ӨСІРІЛЕТІН ҚОЙЛАРДЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНА АСА КӨҢІЛ БӨЛІНУІ КЕРЕК.
- ❑ ҚОЙЛАРДЫ ӨСІРЕТІҢ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНДА ҚОЛДАН ҰРЫҚТАНДЫРУ ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!

AGRO  bilim.kz